



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАСТАРЫ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ 2021


Деректер 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағын жүргізу кезінде әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келтірілген

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


14-35 жас аралығындағы жастардың жалпы саны - 5,9 миллион адам, бұл ел халқының жалпы санының 31% құрайды.

жасөспірімдер
14-19 жас

жастар
20-35 жас




1,6
миллион
адам



4,3
миллион
адам


ЖАСӨСПІРІМДЕР 14-19 ЖАС

14-19 жас аралығындағы жасөспірім ұлдардың үлесі 51,2%, ал жасөспірім қыздар жасөспірімдердің жалпы санының 48,8% құрады.



20-35 жас аралығындағы жас ерлердің үлесі 50,6%, әйелдердің үлесі жастардың жалпы санының 49,4% құрады.


ЖАСТАР 20-35 ЖАС



Жергілікті жердің типі бойынша жастардың үлесі


Ауылдық жерлерге қарағанда қалаларда әлдеқайда көп жастар тұрады. Қалалық жастардың жалпы санындағы үлесі ауыл жастарының үлесінен 1,5 есе көп – сәйкесінше 61,9% және 38,1%.

Аймақ және аудан түрі бойынша жастардың үлесі (%)




30-35 жас аралығында (31%) - әрбір үшінші жас адам, 25-29 жас (23%) пен 14-19 жас аралығында (27%) - әрбір төртінші, және 20-24 жас аралығында (19%) - әрбір бесінші дерлік.

Жастардың жас санаттары мен тұрғылықты жері (қала, ауыл) бойынша үлесі, пайызбен




Ел өңірлері халқының санындағы жастардың үлес салмағы (%)



Жастардың үлес салмағы (14-35 жас) өңірлердің барлық халқының санында айтарлықтай ерекшеленбейді.

Санақ қорытындысы бойынша ұлттар бөлінісінде ел жастарының басым бөлігін қазақтар құрайды - 4,3 млн. (73,3%), орыстар – 0,8 млн. (13,4%), өзбектер – 0,2 млн. (3,7%), ұйғырлар – 94 мың (1,6%), украиндар-81 мың (1,4%), немістер-68 мың (1,1%), татарлар 58 мың (1%) және басқа ұлттар – 0,3 млн. адам (4,9%).

Ұлты бойынша жастардың үлесі



БІЛІМІ

НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ

0,8 млн. адам
14,2%

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ

1,6 млн. адам
27,0%

КӘСІПТІК БІЛІМ

1,4 млн. адам
24,4%

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

1,3 млн. адам
22,9%

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ (МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА, РЕЗИДЕНТУРА)


0,041 млн. адам
0,7%

БІЛІМНІҢ БАСҚА ТҮРІ

0,6 млн. адам
10,8%

Жалпы орта білімі (27%), кәсіптік білімі (24,4%), жоғары білімі (22,9%), жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (0,7%) бар жастардың жалпы санының едәуір бөлігі қалаларда тұрады.


Білім деңгейі және аудан түрі бойынша жастар (%)



Ел өңірлері бөлінісінде білім берудің негізгі деңгейлеріне жеткен жастар саны бойынша Шымкент (68,8%), Алматы (68,5%) және Астана (67,2%) қалалары көш бастап тұр.


Облыс бойынша қол жеткізген негізгі білім деңгейі бойынша жастар

- НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ
- ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
- ЖОҒАРЫ БІЛІМ



ТІЛДЕРДІ МЕҢГЕРУІ


Мемлекеттік тілді білу



- 14-19 жас** 14-19 жас аралығындағы әрбір үшінші жасөспірім екі тілді, ал үштен екісі үш тілді меңгерген. Жасөспірімдердің шамамен 3%-ы төрт тілді меңгерген.
- 20-29 жас** 20-29 жас аралығындағы әрбір төртінші жас екі тілді меңгерген, олардың үштен екісінен астамы (70%) үш тілді, шамамен 4% төрт тілді меңгерген.
- 30-35 жас** 30-35 жас аралығындағы жастардың негізгі бөлігі екі тілді меңгерген (51,6%). Бұл жастағы жастар арасында үш тілді білетіндер айтарлықтай аз – олардың шамамен бестен бір бөлігі (22,6%). Тек бір тілді меңгергендердің саны (23,3%).

НЕКЕ ЖАҒДАЙЫ

Халық санағы кезінде 15-35 жас аралығындағы жастардың 54,3%-ы (3 млн. адам) некеде, ал оның 9%-ы тіркелмеген некеде тұрған. Жастардың 41,5% (2,3 млн. адам) - ешқашан некеде тұрмаған, 3,8 % (200 мың адам) - ажырасқан, 0,4% (21 мың адам) – жесірлер.




5,6 МЛН АДАМ



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ЖАСТАР


15-35 жас аралығындағы ерлердің жалпы санынан (5,6 млн. адам) 69,7% (3,9 млн. адам) еңбек қызметімен айналысады.




Жұмыс түрі бойынша жұмыспен қамтылған жастар

- ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫ
83,1%
- ЖЕКЕ НЕГІЗДЕ
13,2%
- ЖҰМЫС БЕРУШІ
1,8%
- ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ
1,8%

3,9 МЛН. АДАМ



Қала және ауыл жастарының жалпы санындағы жастарды жұмыспен қамту



Жас ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамту деңгейі

Ерлердің жұмыспен қамту деңгейі әйелдерге қарағанда біршама жоғары - жасөспірімдер тобында 5,4%-дан, ал 30-35 жас аралығындағы жастар тобында 2,2%-ға дейін.

- ЕРЛЕР
- ӘЙЕЛДЕР

Жастардың қызмет саласы бойынша жұмыспен қамтылуы



Жастардың қызмет саласы бойынша жұмыспен қамтылуы

Жастардың көпшілігі көтерме және бөлшек сауда (15,1%); ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы (15%); өнеркәсіп (10,4%); білім беру (9,5%); құрылыс (7,4%) сияқты салаларда жұмыс істейді.


Көлік, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, мемлекеттік басқару және қорғаныс сияқты салаларда жастардың шамамен 5%-ы жұмыс істейді. Қалған қызмет түрлеріне жастардың 2%-дан 3,5%-на дейін тартылған.

КҮНКӨРІСТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ

Жастардың негізгі табыс көзі жалдамалы жұмыс бойынша еңбекақы болып табылады - 55,6%. Жастардың 7,6%-ы өз бетінше жұмыспен қамтудан табыс табады. Жастардың 17%-ы туыстары мен жақындарының материалдық көмегіне, 13,5% - ы басқа табыс көздеріне тәуелді.

Жастарды негізгі күнкөріс көздері бойынша бөлу

14-35 жас



Туыстары мен жақындарынан материалдық көмек

Басқа

Жеке ауладан түсетін кірістер

Шәкіртақы


Әлеуметтік көмектің басқа түрлері

Меншік кірісі

Жүктілік және босану, бала күтімі бойынша жәрдемақы


Мүгедектік бойынша жәрдемақы

Жастардың жалдамалы жұмыстан түсетін табыс деңгейі



Жалдамалы жұмыс істейтін жастардың 55,6% ішінен әрбір бесіншісінің табысы 50 000 теңгеден кем, әрбір төртіншісінің табысы 100 000-нан 150 000 теңгеге дейін. Жастардың шамамен 30%-ы 150 000-нан 300 000 теңгеге дейінгі мөлшерде табыс табады, ал жастардың тек 1,3%-да жалдамалы жұмыс бойынша табысы 300 000 теңгеден асады.

Жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін табыс деңгейі



Өзін-өзі жұмыспен қамтудан табыс табатын жастардың 7,6%-ның дерлік әрбір бесіншісі 50 000 теңгеге дейін (20,7%) табыс табады, жастардың шамамен 40%-ы 50 000-нан 150 000 теңгеге дейін табыс табады және әрбір үшіншісі (32,1%) 150 000-нан 300 000 теңгеге дейін табыс табады. Өз бетінше жұмыспен қамтылған жастардың 8%-ы 300 000 теңгеден және одан жоғары табыс табады.